

## "Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 6 қарашадағы № 230 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес.

2. "Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Сатыбалды

Түркістан облысы әкімдігінің

2024 жылғы 6 қарашадағы

№ 230 қаулысына қосымша

## "Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Түркістан облысының аумағында жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдары жоқ.
  3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
  4. Басқармасы ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.
  5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.
  6. Басқармаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылды.
  7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.
  8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
  9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жана қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимараты, пошталық индексі 161200.
  10. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.
  11. Басқарманың құрылтайшысы Түркістан облысының әкімдігі болып табылады.
  12. Басқарма қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
  13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарма өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.
- Егер, Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.
- ## **2-тарау. Мемлекеттік органдың мақсаттары мен өкілеттіктері**
14. Мақсаттары:
    - 1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
    - 2) жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу.
  15. Өкілеттіктері:
    - 1) құқықтары:

өзіне жүктелген міндеттері мен функциялары шегінде шешімдер қабылдау; заңнамада белгіленген тәртіппен өз функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен жеке және занды тұлғалардан құжаттарды және ақпаратты сұратып алу, сондай ақ басқа мемлекеттік органдарға ақпарат беру;

Басқарманың құзыретіне кіретін облыс әкімдігінің және (немесе) әкімінің шешімдерінің, өкімдерінің, қаулыларының жобасын дайындауға қатысу;

облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына дамудың негізгі бағыттары, облыстың жер қатынастары саласындағы мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар енгізу;

басқарманың мұддесі үшін сотқа талап-арыз беру, сот отырыстарына қатысу;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша болжамдар, бағдарламалар, талдамалы шолулар дайындағанда занда белгіленген тәртіппен сарапшылар, басқа атқарушы органдардан мамандар тартуға;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## 2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының зандарын сақтауға;

Басқармаға жүктелген функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

жеке және занды тұлғалардан Басқармаға келіп түскен шағымдар мен өтініштерді карау;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

## 16. функциялары:

1) облыс әкімдігінің мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдары мен олардың тәжірибе шаруашылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал зауыттарына жер участеклерін беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

2) облыс әкімдігінің қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер участеклерін беру және алып қою жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

3) жерді резервте қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

4) өз құзыреті шегінде жер участеклерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

5) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер участеклерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

6) облыстың жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

7) өз құзыреті шегінде жер сауда-саттығын (аукциондарын) жүргізуді ұйымдастыру;

8) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

9)өз құзыреті шегінде жер участекін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

10)аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың деректері негізінде облыстың жер балансын жасау;

11)облыс әкімдігіне іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер участекерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

12)ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

13)жер-кадастрық жоспарды бекіту;

14)жер комиссиясының құрамын қалыптастыру, комиссия туралы ережені әзірлеу және тиісті жергілікті өкілді органға бекітуге жіберу;

15)облыс әкімдігінің жер қойнауын пайдалану мақсаттары (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральдық құбыржолдарды, мұнай және газ өндеу объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салу (реконструкциялау) үшін, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өнеркәсіптік-инновациялық жобалары, инвестициялық басым жобаларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес іске асыру, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер участекерін беру жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылған кезде және оларды игеру үшін, магистральдық құбыржолдарды салу (реконструкциялау), жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер участекерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

16)облыс әкімдігінің ауданараптық маңызы бар уақытша пайдаланылатын мал айдау жолдарына жер участекерін беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

17)облыс әкімдігінің су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы үәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жасанды құрылыштар салу үшін аумақтық сулар алып жатқан жер участекерін беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

18)жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды әзірлеу және бекіту;

19)жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру мен кеңейтуге байланысты жағдайларда жердің барлық санаттарынан жер участекерін беру және алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою жөніндегі облыс әкімдігінің ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

20)бір ауданның, облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жерді басқа ауданға, облыстық маңызы бар басқа қалаға ұзак мерзімді пайдалануға беру бөлігінде жер қатынастарын реттеу жөніндегі облыс әкімдігінің ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

21)жер участекерін беру және алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою жөніндегі облыс әкімдігінің ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

22)қауымдық сервитуттар белгілеу жөніндегі облыс әкімдігінің ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

23)жер ресурстарын пайдалану мен қорғау бөлігінде аудандық, қалалық (облыстық маңызы бар) атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді және оған басшылық жасауды жүзеге асыру;

24)мемлекеттік органдарға қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер участекерін беру және алып қою мәселелері жөніндегі материалдарды келісуге ұсыну;

25)жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекерінің ең аз мөлшерін белгілеу жөніндегі облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен шешімдерінің жобаларын дайындау;

26)облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай жер участекері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын бекіту жөніндегі облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен шешімдерінің жобаларын дайындау;

27)облыстық маңызы бар қалалардағы бағалау аймағы шекаралары және жер участекері үшін төлем ақыларына түзету коэффиценттерін бекіту бойынша облыстық маслихатқа облыс әкімдігінің ұсынысына енгізу;

28)облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін белгілеу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс өзірлеу;

29)аудандық маңызы бар қалалар маңындағы аймақтардың шекараларын облыстық мәслихатқа бекітуге табыс ету жөнінде облыс әкімдігінің ұсыныстарын және қаулыларының жобаларын дайындау;

30)облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде облыстық маңызы бар қалалар маңындағы аймақтардың шекараларын өзгерту жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс дайындау;

31)мемлекеттік орман қорында құрылыш жұмыстарын жүргізу, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізуға және орман пайдалануға байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау

жайлы тиісті экологиялық рұқсат не мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде уәкілетті органмен келісу жөнінде облыс әкімдігінің ұсыныстарын және қаулыларының жобаларын дайындау;

32) облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыстың шекарасын өзгерту туралы, облыс аудандарын құру және тарату, олардың әкімшілік орталықтарын белгілеу және көшіру туралы, елді мекендерді республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың категорияларына жатқызу туралы ұсыныс әзірлеу;

33) облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу бойынша облыстық маңызы бар қалалардың шекараларын белгілейді және өзгертеді; облыс аудандарының, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің шекараларын белгілейді және өзгертеді, кенттерді, ауылдарды бір ауданнан екінші ауданға немесе қалалық билік органдарының әкімшілік бағынысына беру туралы мәселелер бойынша бірлескен шешімдерінің жобаларын дайындау;

34) облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен шешімімен аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, қала емес елді мекендерді Заңмен белгіленген басқа елді мекендердің категорияларына жатқызу; кенттерді, ауылдарды, ауылдық округтерді құрады, таратады және қайта құрады, сондай-ақ олардың бағыныстылығын өзгерту бойынша бірлескен шешімдерінің жобаларын дайындау;

35) облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыстық және аудандық маңызы бар қалаларды өзге елді мекендер етіп қайта құру туралы ұсыныстар енгізу;

36) облыстық мәслихат және облыс әкімдігінің бірлескен шешімімен аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстардың шекараларындағы қазіргі және жаңадан құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер мен жекелеген елді мекендерді есепке алу және тіркеу, сондай-ақ оларды есепті деректерден шығару бойынша бірлескен шешімдерінің жобаларын дайындау;

37) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірінғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

38) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

39) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мэртебесі, өкілеттіктері**

17. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен әкімдігінің, жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Басқарма қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Басқарма қызметкерлерінің міндеттері мен уәкілеттіктерін анықтайды;

5) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарма мүддесін ұсынады;

7) келісім-шарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банкте шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде барлық Басқарма қызметкерлеріне және қарамағындағы ұйымдардың басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарма қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte сыйақы шараларын белгілейді және тәртіптік шара қолдана алады;

12) Басқарма басшысы қаржы-шаруашылық қызметіне және мемлекеттік мекеме мүлкінің сакталуы үшін жеке жауаптылықта болады;

13) сыйайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді қүшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

Азаматтарды қабылдаудың бекітілген кестесіне сәйкес азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асыру.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

21. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен неліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК